

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғам



**БЕКІТЕМІН**

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Басқарма төрағасы - ректордың м.у.а.

Қ.Нұрманбетов

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021ж.

**ПАРАСАТ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ЕРЕЖЕСІ**

## **1 Жалпы ережелер**

1.1 «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан кейін ОҚУ) «Парасат» басқармасы туралы Ережесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015ж №410-V Заңының, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының, М.Әуезов атындағы ОҚУ ішкі актілерінің негізінде әзірленді.

1.2 «Парасат» басқармасы — «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қызметін үйлестіруші ұйымдық құрылымы.

1.3 «Парасат» басқармасы М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕАҚ шешімімен құрылады, қайта құрылады және таратылады;

1.4 «Парасат» басқармасы тікелей ОҚУ Басқарма төрағасы-ректорға және бірінші проректорға бағынады;

1.5 «Парасат» басқармасы туралы Ережесіне өзгерісті «Парасат» басқарма басшысы ұсынысымен енгізеді және оны «Өзгерістерді тіркеу парағында» (Б қосымшасы) міндетті түрде көрсетеді;

1.6 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ҚР СТ 1158-2002 талаптарына сәйкес жасалады.

## **2 Негізгі міндеттері**

«Парасат» басқармасының негізгі міндеттеріне жатады:

- сапа саласындағы ОҚУ саясаты мен мақсаттарын жүзеге асыру;
- сапа саласындағы міндеттемелерді және сапа менеджменті жүйесінің талаптарын орындау;
- университет білім алушылары мен ПОҚ, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сана мен мәдениетті арттыру;
- университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын нормативтік тұрғыда жетілдіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық мәдениетті арттыруды ұйымдастыру;
- БАҚ және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органдармен тұрақты байланыс орнату;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы университет стандарты мен Әдеп кодексі нормаларының сақталуын бақылау;
- университеттің Әдеп бойынша кеңесі мен Академиялық адалдық жөніндегі комиссия жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- "Sanaly úprág" клубыжұмысын үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және әдеп нормаларының бұзылуы бойынша кері байланыс арналарын ашу, ақпараттандыру;
- ауқымды ақпараттық-ағартуды іске асыру және т. б.

### **3 Қызметтері**

«Парасат» басқармасының негізгі қызметтері:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау және өткізу;
- университеттің білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен механизмдерді қолдануды қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақтылы жоюға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі қызметінің бағыттары университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің ұсынымдарында қамтылған негізгі басымдықтарды университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- М.Әуезов атындағы ОҚУ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді жүзеге асыру саласындағы және «Адалдық алаңы», «Саналы ұрпақ» жобалық кеңселері қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады;
- М.Әуезов атындағы ОҚУ Ғылыми Кеңесінің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, өз күзіреті шегінде ішкі нормативтік актілер жобаларын дайындауға қатысады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру әдістері мен нысандарын дамытуға қатысады, олардың жүзеге асырылуын бақылайды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңес және Әдеп бойынша Кеңеспен бірге университет құрылымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға қатысады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында М.Әуезов атындағы ОҚУ қызметін ұйымдастыру, жетілдіру және үйлестіру бойынша өз күзіреттілігі шегінде шешімдер қабылдайды, осы шешімдердің орындалуын қадағалайды.

### **4 Құқықтары**

«Парасат» басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында мынадай құқықтарға ие:

- ұйымдастыру-техникалық жағдайларды қамтамасыз ету және негізгі міндеттерін орындау үшін қажетті белгіленген құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша университет басшылығына жүгіну;

- басқарма құзыреті шегінде және қызмет саласы бойынша шешімдер қабылдау, ұсыныстар енгізу;
- университет басшылығының қарауына басқарманың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар, түсіндірме жазбалар енгізу;
- Парасатбасқармасының атынан әрекет ету, университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста оның мүдделерін білдіру;
- құрылымдық бөлімшелер басшыларының атына лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты мәселелер бойынша өтініштер (хабарламалар, ұсынымдар және басқа да актілер) енгізу;
- университеттің басқа ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелерінен және мамандардан лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату;
- университет ректорына тікелей бағынысты қызметкерлерді заңнамамен белгіленген тәртіпте тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныспен жүгіну;
- лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, сондай-ақ сметалардың, шарттардың және басқа да құжаттардың жобаларын дайындауға қатысу.

## **5 Жауапкершілік**

### **5.1 «Парасат» басқармасы қызметкерлері:**

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастырмағаны және іске асырмағаны үшін;
- лауазымдық нұсқаулықтарды, ішкі нормативтік құжаттарды тиісінше орындамағаны үшін;
- ақпараттың құпиялылығын сақтамағаны үшін;
- берілген құқықтарды заңсыз пайдаланғаны, қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдаланғаны үшін;
- сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілікке тартылады.

5.2 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жауапкершілік толығымен «Парасат» басқармасының басшысына жүктеледі.

5.3 Ереженің дайындалуына, оның мазмұнына, құрылымына, жасалуының СМЖ ОҚУ ПР 4.02-2020 сәйкес жүргізілуіне «Парасат» басқармасының басшысы жауапты.

5.4 Бекітілген Ережедегі мәліметтерді бөлім қызметкерлеріне таныстыруға «Парасат» басқармасының басшысы жауапты. Ережемен танысқаны туралы жазба «Танысу парағында» рәсімделуі қажет (А қосымшасы).

5.5 Түпнұсқаға және көшірмеге өзгертулер енгізуге «Парасат» басқармасының басшысы жауапты.

5.6 «Парасат» басқармасы қызметкерлерінің жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.

## **6 Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара байланысы**

«Парасат» басқармасы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен, Шымкент қаласының әкімдігімен, «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық кеңсесінің, «Шымкент-Адалдық алаңы» және жастар ұйымдарының өкілдерімен, БАҚ және басқа да уәкілетті органдармен байланысты қолдайды. Басқарма халықаралық стандарт талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізуді іске асыруға жәрдемдеседі.